

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 22 желтоқсанда № 9987 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.01.2017 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ауыл шаруашылығының вице-министрі Г.С. Исаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2014 жылғы " "

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2014 жылғы " "

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600
бұйрығымен бекітілген

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) асыл тұқымды мал үлесін және ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділік сапасын арттыру, өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін мал азығының құнын арзандату мақсатында отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі – тауар өндірушілер), бірінші және екінші деңгейлі өндірістегі бордақылау алаңдарынан мал бордақылау бойынша қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға, бордақылау үшін бірінші деңгейлі өндірістегі бордақылау алаңдарына бұқашықтарды жеткізуді жүзеге асыратын дайындау ұйымдарға, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған, жалпы табында асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға және қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге (бұдан әрі – жеткізушілер) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде және іс-шаралар есебінен бюджеттік субсидиялар (бұдан әрі – субсидиялар) беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тұқымдық түрлендіру – аналық мал басын тұқымдық және өнімділік өсімін молайтуда асыл тұқымды аталықтарды пайдалану жолымен сапасын жақсарту;

2) алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) сатып алынған асыл тұқымды малдарды пайдалану туралы келісім – тиісті аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің (бұдан әрі - бөлім) басшысы және тауар

өндіруші арасында қол қойылған, сатып алынған асыл тұқымды малды нысаналы пайдалану бойынша тауар өндіруші қабылдаған міндеттемелерді растайтын құжат;

4) аналық мал басы – жыныстық жетілген, төл алу үшін пайдаланылатын аналық мал басы;

5) шағылыстыру маусымы – ауыл шаруашылығы жануардың өсімін молайту кезеңі;

б) жалпы табын – жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған ірі қара мал табыны;

7) малды бордақылау бойынша көрсетілетін қызметтер – жеке меншігінде бордақылауға арналған бұқашықтары бар жеке және заңды тұлғаларға бірінші және екінші деңгейлі өндірістегі бордақылау алаңдары ұсынатын мал бордақылау бойынша ақылы қызмет.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Субсидиялауға жататын бағыттар:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға:

асыл тұқымды ірі қара малдың, қойлардың, маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен, сондай-ақ бал араның ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу;

тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара мал мен қойдың аналық басына селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу;

асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу;

отандық және шетелдік асыл тұқымдық зауытшылардан асыл тұқымды қой, жылқы, шошқа, түйе, марал (бұғыларды) сатып алу;

отандық және шетелдік асыл тұқымды мал зауытшыларынан асыл тұқымды тәуліктік балапан мен ата-енелік/ата-тектік нысанды құстардың етті және жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқасын сатып алу;

жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған, жалпы табында өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу;

шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара мал мен қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеу;

асыл тұқымдық орталықтар мен асыл тұқымды жануарлардың ұрығын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталықтардың (бұдан әрі - дистрибьютерлік орталық) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басына қолдан

ұрықтандыру жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алу жөніндегі шығындарын 50 %-ға дейін өтеу;

2) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға:

бірінші деңгейлі өндірістегі бордақылау алаңдарына бұқашықтарды өткізу;

сиыр етін, жылқы етін, қой етін (қозы етін), түйе етін, шошқа етін, құс еті және күрке тауық етін (бұдан әрі – құс еті), жұмыртқалағыш кроссты тауық жұмыртқасын (бұдан әрі – тағамдық жұмыртқа), сүт, қымыз, шұбат, биязы жүнді қойлардың жүнін (бұдан әрі – биязы жүн) өндіру құнын арзандату;

ірі, шырынды, құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін арзандату.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Бюджеттік субсидиялар нормативтері осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

Жергілікті бюджеттен қосымша қаражат бөлу кезінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі – Министрлік) келісім бойынша облыс әкімдігі қаулысымен субсидиялаудың төмендегі бағыттары бойынша субсидиялар нормативтері, сондай-ақ өлшемдер мен талаптар бекітіледі:

1) маралдардың (бұғылардың) аналық басымен және бал ара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу;

2) ірі, шырынды, құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін арзандату;

3) шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара мал мен қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеу;

4) асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтардың ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруды жүргізуі үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алу шығындарын 50 %-ға дейін өтеу.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген субсидиялау бағыттары бойынша нормативтер, өлшемдер мен талаптар (бұдан әрі - Өлшемдер),

сондай-ақ осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген субсидиялау бағыттары бойынша субсидия көлемдері нөмірленеді, тігіледі және мөрмен бекітіледі және екі данада облыс әкімінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) қарастыруға ұсынылады.

Министрлік оң нәтижесі болған жағдайда, тиісті ілеспе хатпен нормативтердің, Өлшемдердің, сондай-ақ субсидия көлемдерінің бір данасын қайтарады.

Министрлік теріс нәтижесі болған жағдайда, бас тарту туралы хатпен нормативтердің, Өлшемдердің, сондай-ақ субсидия көлемдерінің екі данасын да қайтарады.

Субсидия көлемдері (жыл сайын, 20 қаңтардан кешіктірмей), сондай-ақ нормативтер мен Өлшемдер облыс әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

Нормативтерге, Өлшемдерге, сондай-ақ субсидия көлемдеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы тармақтың бірінші-төртінші бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қаулы қабылданғаннан кейін, облыс әкімдігі оны екі жұмыс күні ішінде өз ресми интернет-ресурсына орналастырады.

Қаулы интернет-ресурста орналастырылғаннан кейін, Министрлік екі жұмыс күні ішінде нормативтерді, Өлшемдерді, сондай-ақ субсидия көлемдерін бұрын келісілген нормативтерге, Өлшемдерге, сондай-ақ субсидия көлемдеріне сәйкес келуі тұрғысынан салыстырып тексереді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттырудың субсидиялау тәртібі

6. Тауар өндірушілердің субсидияларды алуының қажетті шарты осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген тиісті бағыттарға, сонымен қатар облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілген өлшемдер мен талаптарға сәйкестігі, бүкіл ауыл шаруашылығы мал басын зоотехникалық нормаларға сәйкес күтіп-бағуы және ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыруы болып табылады.

7. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру құнын арзандатуға субсидиялар тауар өндірушілерге:

1) есептік нөмірлері бар сою алаңдарында (пункттерінде) және (немесе) қайта өңдеу кәсіпорындарында (цехтарында) өткізілген немесе өңделген сиыр еті, қой еті, жылқы еті, шошқа еті, түйе еті, сүт және биязы жүннің;

2) құс етінің, тағамдық жұмыртқаның, қымыз және шұбаттың өткізілген нақты көлеміне төленеді.

8. Субсидиялауға мыналар жатпайды:

1) осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген өлшемдер мен талаптарға, сонымен қатар облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілген өлшемдер мен талаптарға сәйкес келмейтін тауар өндірушілердің малдары мен мал шаруашылығы өнімдері;

2) шағылыстыру маусымы бойында өз төлінен өсіріп-өндіруде және бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмағандарға ауыстыруда зоотехникалық нормативтерге (шағылыстыру контингентінің отыз басына бір бұқадан (қошқардан) кем болмауы, бір бұқаны (қошқарды) қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау) сәйкес асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды (асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды) пайдалану жөніндегі талаптар сақталмаған кезде шаруашылықтық ірі қара малының (қойларының) барлық аналық басы;

3) өтінім берген сәтте "www.plem.kz" ресми ресурсы бойынша селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың бірыңғай ақпараттық базасында (бұдан әрі – АТЖ) және "www.iszh.kam.kz" ресми ресурсы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі деректер базасында (бұдан әрі – АЖС) тіркелген мал басының саны бойынша ауытқуларға ие шаруашылықтардағы ірі қара малдың және қойдың аналық басымен жүргізілетін селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс;

4) бұрын субсидияланған, сондай-ақ айырбас бойынша өзара есеп айырысу есебіне сатып алынған немесе өнімділікті молайту мақсатында пайдаланылмайтын асыл тұқымды ірі қара мал, асыл тұқымды қой, жылқы, түйе, шошқа, марал (бұғы), асыл тұқымды құс шаруашылығы өнімі;

5) ағымдағы жылы ағымдағы шығылыстыру кезеңінде мынадай бағыттар бойынша субсидияланған жануарлар: селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарын жүргізу, жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған жалпы табында өз төлінен өсіріп-өндіру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу;

6) экспорттаушы ел қабылдаған әдістеме бойынша бағаланбаған шетелден әкелінген асыл тұқымды тұқымдық бұқалар;

7) тұқымсыз өз төлінен өсіріп-өндіру үшін пайдаланатын және асыл тұқымды өндірушілер бағаламаған асыл тұқымды аналық мал басы;

8) тауар өндірушілер одан әрі қайта өткізу және (немесе) қайта өңдеу үшін басқа жеке және (немесе) заңды тұлғалардан сатып алған өнім;

9) тауар өндірушілер айырбас бойынша, өзара есеп айырысу есебінен өткізілген немесе бұрын субсидияланған өнім;

10) жеке аулада сойылған сиыр еті, шошқа еті, қой еті, жылқы еті, түйе еті, сондай-ақ қайта өңдеу кәсіпорындарында бастапқы қайта өңдеуден өтпеген сүт;

11) тауар өндірушілер жануарларды мәжбүрлі санитариялық сою нәтижесінде алған өтінімдер, сондай-ақ аса қауіпті және жіті инфекциялық аурулар бойынша карантиндік іс-шаралардың қолданылу кезеңіндегі ауыл шаруашылығы жануарларының өнімдері мен мал бастары;

12) етті құс шаруашылығының жанама өнімдері – аяқтары, бастары, сондай-ақ ішкі органдары;

13) жұмыртқа ұнтағын өндіру үшін өткізілген және (немесе) берілген тағамдық жұмыртқа.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ; 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. Тауар өндірушілерге субсидиялар бағыттардың мынадай басымдылықтарына сәйкес төленеді:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға:

ірі қара малдың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу;

қойлардың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу;

асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу;

асыл тұқымды қойларды сатып алу;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бағытталған басқа да бағыттар;

2) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруға:

бұқашықтарды бірінші деңгейлі бордақылау алаңдарына өткізу;

сиыр еті өндірісінің құнын арзандату;

сүт өндірісінің құнын арзандату;

салқындатылған құс еті өндірісінің құнын арзандату;

мал шаруашылығы өнімдерінің қалған түрлері өндірісінің құнын арзандату.

Бұл ретте асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыты басым болып табылады.

Алынған бұқашықтардың кем дегенде жартысын бірінші және екінші деңгейлі өндірістегі бордақылау алаңдарына және/немесе дайындау ұйымдарына өткізген, ірі қара малдың аналық мал басымен асыл тұқымды және селекциялық

жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыратын тауар өндірушілер басымдылық тәртіппен субсидияланады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Облыс әкімі облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары төрағалық ететін мал шаруашылығын субсидиялау мәселелері жөніндегі облыстық комиссияны (бұдан әрі – комиссия) құрады.

11. Комиссия тұрақты негізде жұмыс істейді. Комиссия отырысы айына кемінде бір рет жүргізіледі. Комиссияның құрамына ауыл шаруашылығы басқармасы мен ветеринария саласындағы басқарманың, Министрліктің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің және Ветеринариялық қадағалау және бақылау комитетінің аумақтық инспекцияларының мамандары, жергілікті өкілдік органдар депутаттары, сондай-ақ мал шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлердің өңірлік палаталары мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді. Қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің саны комиссияның жалпы құрамының жартысынан кем болмауы тиіс. Комиссияның жұмыс органы ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі - басқарма) болып табылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Комиссияның құзыретіне тауар өндірушілердің өтінімдері бойынша тиесілі субсидиялар көлемін анықтау, облыс бойынша жиынтық актіні қалыптастыру, субсидиялау бағыттары бойынша қаражатты қайта бөлу және субсидиялар көлемін өзгерту жөніндегі ұсыныстарды енгізу кіреді.

13. Жыл сайын 20 қаңтарға дейінгі мерзімде тиісті ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі - бөлім) аудан әкімдігінің интернет-ресурсына және ауданның ресми баспа басылымдарында субсидиялауға арналған өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру орналастырады.

14. Тауар өндірушілер тиісті негіздердің туындауына қарай осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес субсидиялауға жататын нақты көлемдерге субсидиялар алуға өтінімдерді осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бөлімге ұсынады.

Ірі қара мал мен қойдың аналық басына селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуге субсидия алу үшін, АТЖ арқылы субсидия алуға өтінім қалыптастырады, кейінен басып шығарып, қол қойып, бөлімге тапсырады.

Тауар өндірушілер тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басына селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуге және қойдың аналық басына субсидия алу үшін ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін осы Қағидаларға 2-қосымшада және осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген өлшемдер мен талаптарға сәйкестікті, сондай-ақ "Сыбаға" кредит беру бағдарламасы бойынша және/немесе өз қаражаты есебінен аналық мал басын және тұқымдық бұқаларды сатып алған/қосымша сатып алған тауар өндірушілер тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басына асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу бағыты бойынша субсидия алуға өтінімді ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін қамтамасыз етеді. Тауар өндірушілер осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басына селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу бағыты бойынша субсидиялау тиісті жылдың 1 маусымынан бастап және қой бойынша 1 қыркүйегінен бастап жүзеге асырылады.

Егер, тауар өндіруші асыл тұқымды ірі қара малды төлемнің мерзімін ұзарта отырып (ішінара ақы төлей отырып) және/немесе лизингке сатып алатын болса, бюджеттік қаражатты сатушының және/немесе лизинг берушінің субсидия алуға арналған өтінімде көрсетілетін шотына аударуға жол беріледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Тауар өндірушілер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия алуға арналған өтінімді ұсынуға дейін көрсетілген субсидиялау бағыттары бойынша мынадай тиісті құжаттарды рәсімдейді:

1) асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу кезінде - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша жануарларды кіріске алу актісі және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған асыл тұқымдық малды пайдалану туралы келісімі;

2) асыл тұқымды қойларды, жылқыларды, түйелерді, шошқалар мен маралдарды (бұғыларды) сатып алу кезінде - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша жануарларды кіріске алу актісі және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған асыл тұқымдық малды пайдалану туралы келісімі;

3) асыл тұқымды тәуліктік балапан мен ата-енелік/ата-тектік нысанды құстардың етті және жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқасын сатып алу кезінде - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 3 нысан бойынша құстарды кіріске алу актісі;

4) жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған, жалпы табында өз төлінен өсіп-өндіруге арналған етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу кезінде - осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған жалпы табында етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекіту және пайдалану бойынша малдардың иелері болып табылатын елді мекен тұрғындары жиынының шешімі;

5) шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың/қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды өнім берушілерге 100 %-ға дейін өтеу кезінде - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ірі қара малдың/қойдың аналық басын ұрықтандыру туралы акт және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 2 нысан бойынша ірі қара малдың ұрықтанған аналық басын тексеру актісі;

6) бұқашықтарды дайындаушы ұйымдар арқылы бірінші деңгейлі өндірістік бордақылау алаңдарына өткізу кезінде – осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауар өндіруші, дайындаушы ұйым және бордақылау алаңы арасындағы ірі қара малдың сатып алу шарты және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 4 нысан бойынша бұқашықтарды бордақылау алаңдарына қабылдап алу-беру актісі;

7) бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізу кезінде - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 4 нысан бойынша бұқашықтарды бордақылау алаңдарына қабылдап алу-беру актісі;

8) ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөп қоспаларын дайындау және сатып алу кезде - осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөп қоспаларын дайындауға арналған шығындардың анықтама-есептемесі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Тауар өндірушілер субсидия алынатын өтінімде көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Құс фабрикалары құс өнімінің өткізілген көлеміне алынатын субсидиялардың айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында субсидия алуға өтінімдер "Қазақстан құс өсірушілер одағы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберіледі, ол субсидиялар алуға өтінім берілген өнім көлемінің қолда бар қуаттылыққа сәйкестігін тексергеннен кейін кәсіпорының технологиялық картасына сәйкес өтінімдерді облыстық Комиссияның жұмыс органына жібереді.

18. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Бөлім асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау және мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру мақсатында субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар алуға өтінімдерді нөмірленген, тігінделген және мөрмен бекітілген арнайы журналдарға тіркейді.

20. Бөлім осы Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялау бағыттары бойынша өтінім беруге негіз пайда болған сәттен бастап 12 айдан аспаған, осы Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген бағыттар бойынша үш айдан аспаған өтінімдерді қабылдайды.

21. Бөлім субсидия алуға берілген өтінімді алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде тауар өндірушілердің құжаттар топтамасын осы Қағидаларға 6, 7, 8-тармақтарындағы көрсетілген талаптарға сәйкестігіне тексереді.

Мынадай жағдайларда бөлім көрсетілген мерзім ішінде тауар өндірушінің қызмет орнына зоотехникалық есепті жүргізудің алғашқы құжаттарын (малдың қозғалысы туралы есепті, өнім өндіру журналын қоса алғанда) салыстырып тексеру үшін жол жүруді жүзеге асырады:

- 1) жеке бағыт бойынша алғашқы рет субсидия алуға өтінім беру;
- 2) өндіріс деңгейін арттыру өткен айда субсидия алу өтінімен салыстырғанда;
- 3) жеке бағыт бойынша берілген өтінім көлемдерінің өткен айдың өтінімдерінен жиырма пайыздан аса артық болғанда.

Осы Қағидалардың 2 және 3-қосымшаларында көрсетілген өлшемдер мен талаптарға сәйкес еместігі анықталған, сондай-ақ субсидиялар алуға берілген өтініш құжаттарының топтамасы толық емес ұсынылған жағдайда екі жұмыс күні ішінде тауар өндірушілерге ілеспе хат арқылы барлық сәйкессіздіктерді көрсетіп дәлелді негіздемемен қайтарады.

Тауар өндірушілер түзетілген немесе толықтырылған субсидия алу өтінімін қайта енгізе алады.

22. Ұсынылған құжаттар осы Қағидаларда белгіленген өлшемдер мен талаптарға сәйкес келген және өтінімдерді қайтарып беруге негіздер болмаған жағдайда, бөлім тауар өндіруші субсидия алуға өтінімде ұсынған деректерді екі жұмыс күні ішінде ірі қара мал мен қойдың аналық басына селекциялық және

асыл тұқымдық жұмысты жүргізу бағыты бойынша осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кейіннен шығара отырып, АЖС мен АТЖ-де мал басы санын (малдардың жеке нөмірлері, жынысы, тұқымы және туған мерзімі сәйкестігіне), АТЖ-де ғылыми-консалтингтік сүйемелдеу туралы шарттың бар-жоғын, АЖС-де асыл тұқымды ірі қара малға арналған асыл тұқымды куәліктің бар-жоғын салыстырып тексеруді жүргізеді.

Бөлім мал шаруашылығы өнімдерін субсидиялауға өтінім берген тауар өндірушілерді ауданның ветеринария бөлімі ұсынған аса қауіпті және инфекциялық аурулар бойынша карантиндік іс-шаралар бар болған жағдайда қойылған тауар өндірушілер тізімімен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Министрліктің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық бөлімшесінің асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы АТЖ мен АЖС-дағы мал басы санының сәйкестігіне және тұқымдық бұқаға арналған жүктемеге мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Бөлім тауар өндірушілердің субсидия алуға өтінімдерін субсидиялау бағыттары бойынша төмендегі құжаттармен толықтырады:

1) ірі қара және қойлардың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу – осы қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (АТЖ-ден) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу туралы үзінді;

2) асыл тұқымды ірі қара малды/қойды сатып алу – осы қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (АТЖ-ден) асыл тұқымды малдарды сатып алғаны туралы үзінді;

3) жалпы табында етті бағыттағы асыл тұқымды бұқаларды күтіп-бағу – осы қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (АТЖ-ден) жалпы табындағы етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды бұқаларды күтіп-бағу туралы үзінді ;

4) бұқашықтарды бордақылау алаңдарына өткізу – осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу туралы, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес 8 нысан бойынша (АТЖ-дан) бұқашықтарды бордақылау алаңдарына өткізу туралы үзінді-көшірмелер.

5) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Бөлім тауар өндірушінің осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген тиісті өндіріс деңгейіне сәйкестігін айқындайды және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудан бойынша жиынтық акт жасайды және оны аудан әкімі бекітеді. Бекітілген аудан бойынша жиынтық акт және егер субсидия алуға арналған өтінімдер болған жағдайда, субсидия алуға арналған өтінімдердің электрондық (сканерленген) көшірмелері басқармаға екі аптада бір рет ұсынылады. Бөлім субсидия алуға арналған өтінімді растау құжаттарының көшірмелермен (АТЖ-дан және ветеринариялық ұйымнан алынған) және сатып алынған асыл тұқымды жануарларды пайдалану туралы келісімнің түпнұсқасымен бірге үш жыл бойы сақтайды. Бөлім басқармаға берілетін құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Басқарма аудан бойынша жиынтық актілерді асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша жекелеген журналдарға тіркейді.

Басқарма үш жұмыс күні ішінде бөлім ұсынған аудан бойынша жиынтық актілерді деректердің бар-жоғы және толықтығы тұрғысынан қарастырады. Сәйкес келмеу белгіленген жағдайда, басқарма оларды тіркеген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, аудан бойынша жиынтық актілерді қайтарып беру себептерін көрсете отырып, пысықтау үшін бөлімге қайтарып береді.

Бөлім бес жұмыс күні ішінде түзетілген және толықтырылған жиынтық актіні басқармаға қайта енгізеді, ал мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім ішінде қайтарып беру себептерін көрсете отырып, субсидия алуға арналған өтінімді тауар өндірушіге қайтарады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Сәйкес болған жағдайда, басқарма аудандар бойынша жиынтық актілерді комиссия өткізілетін күні комиссияның қарауына жібереді.

27. Комиссия отырыстың қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауар өндірушілерге тиесілі субсидиялардың көлемін көрсете отырып, облыс бойынша жиынтық акті жасайды.

28. Бұрын мақұлданған, бірақ қаржыландырылмаған немесе ішінара қаржыландырылған өтінімдерді қоса алғанда, басым бағыттардың біреуі бойынша өтінімдерді қанағаттандыру үшін қаражат толық көлемде жетіспеген жағдайда комиссия жетпеген қаражатты осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген басымдылығы кемірек бағыттардан жетіспейтін қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныс енгізеді.

Комиссия субсидиялау бағыттары бойынша субсидия алуға өтінімдерді басымдылығы жоғарырақ бағыттар бойынша қайта бөлу үшін қажетті қаражатты есепке ала отырып, қанағаттандырады.

Комиссия бағыттардың бірі бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруға субсидия алу үшін бірнеше өтінімдерді қарастырған кезде деңгейі жоғарыларға жатқызылған тауар өндірушілердің өтінімдеріне басымдылық беріледі. Қаражатты бір деңгейге жатқызылған тауар өндірушілердің арасында бөлген кезде басымдылық тәртібі бойынша өнімді еңбектің жоғары өнімділігін қамтамасыз ететін заманауи технологиямен өндіруді жүзеге асыратын тауар өндірушілер субсидияланады.

Қалған қаражат берілген өтінімдердегі тиесілі субсидиялардың көлемдеріне сәйкес пропорционалды бөлінеді. Тауар өндірушіге тиесілі субсидиялардың төленбеген қалдығы бар болған жағдайда келесі ай (лар)дың бос қаражатынан төленеді.

29. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуда субсидиялау бағыты бойынша қаражат жетпеген жағдайда, комиссия мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттарынан қаражаттарды қайта бағыттау туралы ұсыныс енгізеді.

30. Субсидиялау бағыттары арасындағы сомалар өзгерген жағдайда, облыс әкімінің қаулысына осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген тәртіппен тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Комиссия төрағасы комиссия ұсынған облыс бойынша жиынтық актіні үш жұмыс күні ішінде бекітеді.

32. Басқарма тауар өндірушілердің банк шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды аударуды қазынашылықтың аумақтық бөлімшелеріне төлем шоттарын үш жұмыс күні ішінде беруі арқылы жүзеге асырады.

33. Басқарма ай сайын комиссияның тауар өндірушілердің өтінімдерін қарау нәтижелері туралы ақпаратты облыс әкімінің интернет-ресурсының арнайы бөлімінде жариялайды және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік қаражаттардың игерілуі туралы есепті Министрлікке жолдайды, сондай-ақ тоқсан сайын облыс бойынша жиынтық акт бекітілген күннен кейін осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша үш жұмыс күні ішінде бөлімге субсидиялардың төленуі туралы ақпаратты жолдайды.

Ескерту. 33-тармақ жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.11.2015 № 3-2/980 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33-1. Басқарма бөлімге осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша мал шаруашылығын субсидиялау мәселелері жөніндегі облыстық комиссияның тауар өндірушілердің өтінімдерін қарастыру нәтижесі бойынша ақпаратты жолдайды.

Бөлім алынған ақпарат бойынша кейіннен тауар өндірушіге (өтінім берушіге) беру үшін комиссияның шешімін қысқаша баяндай отырып, әрбір тауар өндірушіге (өтінім берушіге) жеке осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша субсидия алуға өтінімді қарастыру нәтижелері туралы хабарлама қалыптастырады.

Ескерту. 33-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.11.2015 № 3-2/980 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Сатып алынған ірі қара мал, қойлар, жылқылар, шошқалар және түйелердің төліне алынған субсидиялар, жүргізілген селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар, жалпы табында ұсталатын етті, сүтті және қос тұқымды асыл тұқымды тұқымдық бұқалар, бордақылау алаңдарына өткізілген бұқашықтар туралы мәліметті басқармадан тауар өндірушілерге төленген субсидиялардың көлемдері туралы ақпарат түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде бөлім АЖС-ға енгізеді.

Бөлім қосымша осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес АТЖ мен АЖС-дағы өткізілген мал басы санын салыстыру бойынша сәйкестігін растау үшін қағазға шығарып және осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың бірыңғай ақпараттық базасында ауыл шаруашылығы жануарларын салыстырып тексеру туралы ақпаратты қоса береді.

Бөлім бұқашықтарды өндірістік бордақылау алаңдарына өткізу және сиыр еті, жылқы еті, қой еті (қозы еті), түйе еті, шошқа еті өндірісінің құнын арзандату

субсидиялау бағыттары бойынша ветеринарлық ұйымынан – осы Қағидаларға 15 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір иесінің тіркелген/шығарылған жануарлар бойынша ақпаратты (АСЖ-дан) алады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен субсидиялау тәртібі

Ескерту. 3-тараумен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.07.2015 № 3-1/671 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан (бұдан әрі – Ұлттық қор) бөлінген қаражат есебінен және шегінде субсидиялауға мынадай бағыттар жатады:

1) ірі қара малдың аналық басымен асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу;

2) құс еті және тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату;

3) етті бағытындағы ірі қара малды өсірумен және бордақылаумен айналысатын шаруашылықтар, құс өсіру және шошқа өсіру шаруашылықтар үшін жемшөп құнын арзандату;

4) сүт-тауарлық фермалар үшін ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөп қоспаларын дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату

Осы тарауда қозғалмаған субсидиялау нормативтері, өлшемдер мен талаптар, бөлімнің, жұмыс органының, комиссияның жұмыс істеу тәртібі және басқа да талаптар осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Құс фабрикаларының жемшөп құнын арзандатуға арналған субсидиялар алуының айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында субсидия алуға арналған өтінімдер "Қазақстан құс өсірушілер одағы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберіледі, ол кәсіпорының технологиялық картасына және "Қазақстан құс өсірушілер одағы" заңды тұлғалар бірлестігі айқындаған жемшөп көлемдеріне сәйкес субсидиялар алуға өтінім берілген өнім көлемінің қолда бар қуаттылықтарға сәйкестігін тексергеннен кейін өтінімдерді Комиссияның жұмыс органына жібереді.

Тиісті салалық одақтар бөлген көлемдерге сәйкес айқындалған тауар өндірушілер мен жемшөп көлемдері субсидиялауға жатады.

Субсидиялауға 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап сатып алынған жемшөп (арпа және 4 және 5 сыныпты бидай) жатады.

36. Басқарма Министрлікке Ұлттық қордан бөлінген бюджеттік қаражатты пайдалану (субсидиялау) туралы ақпаратты есептік жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

Етті бағыттағы шаруашылықтар, құс және шошқа өсіру кәсіпорындары үшін жемшөп құнын арзандатуды субсидиялау бағыттары бойынша жылдық есепті ұсынған кезде, өнімге және мал басына қайта есептеу коэффициенттері қолданылады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 1-қосымша

Бюджеттік субсидиялар нормативтері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Мал шаруашылығы			
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	*
2.	Асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтардың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алу құнын арзандату	бірлік	*
Етті бағыттағы мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басы	бас	18 000
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000
3)	жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу		
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан және Канададан) **	бас	200 000
3)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Еуропа елдерінен) **	бас	154 000
4)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал**		118 000

3.	Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-деңгей	килограмм	300
2)	2-деңгей	килограмм	170
3)	3-деңгей	килограмм	100
4.	Бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізу		
5.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	*
5.1	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен жемшөп құнын арзандату	жемшөп тоннасы	7500
Сүтті бағыттағы мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000
2)	жалпы табындарда сүтті және қос бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу		
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан, Канададан) **	бас	235 000
3)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Еуропа елдерінен) **	бас	154 000
4)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал**	бас	118 000
3.	Сүт өндірісінің құнын арзандату***:		
1)	1-деңгей	килограмм	25
2)	2-деңгей	килограмм	15
3)	3-деңгей	килограмм	10
4.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	*
4.1	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен сүтті-тауарлы фермалар үшін ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	20000
Етті бағыттағы құс шаруашылығы			
1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды мал зауытшыларынан ата-енелік/ ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	300
2.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды мал зауытшыларынан ата-енелік/ ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқа сатып алу	дана	100
3.	Құс еті өндірісінің құнын арзандату***:		
1)	1-деңгей	килограмм	70
2)	2-деңгей	килограмм	66
3)	3-деңгей	килограмм	50
4)	күрке тауық еті	килограмм	105
4.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен жемшөп құнын арзандату	жемшөп тоннасы	7500
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы			

1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды мал зауытшыларынан ата-енелік/ ата-тектік нысандағы жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	120
2.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды мал зауытшыларынан ата-енелік/ ата-тектік нысандағы жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқа сатып алу	дана	50
3.	Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату***:		
1)	1-деңгей	дана	3
2)	2-деңгей	дана	2,6
3)	3-деңгей	дана	2
4.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен жемшөп құнын арзандату	жемшөп тоннасы	7500
Шошқа шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу**	бас	15 000
2.	Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату***	килограмм	98
3.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	*
4.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен жемшөп құнын арзандату	жемшөп тоннасы	7500
Қой шаруашылығы (ешкі шаруашылығы)			
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	*
2.	Асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтар сатып алған, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника және технологиялық жабдықтарды сатып алу құнын арзандату	бірлік	*
3.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық басы	бас	1 500
2)	асыл тұқымдық мал зауытшылардағы асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	1 500
4.	Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу**	голов	8 000
5.	Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-деңгей	килограмм	200
2)	2-деңгей	килограмм	100
6.	Биязы жүн өндірісінің құнын арзандату	килограмм	130
7.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	*
Жылқы шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу**	бас	40 000
2.	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату:	килограмм	92
3.	Қымыз өндірісінің құнын арзандату:	килограмм	60
4.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	*
Түйе шаруашылығы			

1.	Асыл тұқымды түйелер сатып алу	бас	37 000
2.	Түйе еті өндірісінің құнын арзандату	килограмм	90
3.	Шұбат (биошұбат және жақсартылған шұбат) өндірісінің құнын арзандату	килограмм	55
4.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	*
Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы)			
1.	Асыл тұқымды маралдар (бұғылар) сатып алу	бас	30 000
2.	Маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бас	*
3.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	*
Бал ара шаруашылығы			
1.	Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бал ара ұясы	*

Ескертпе:

* субсидиялар нормативтері облыс әкімдігінің қаулысымен бекітіледі;

** импортталған асыл тұқымды жануарларды сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын көлемі субсидияланады.

*** жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде және/немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан қайта бөлген кезде және/немесе бөлінген бюджеттік қаражат жеткілікті болған кезде Министрліктің келісімі бойынша субсидиялау нормативтерін бекітілген нормативтің 50%-ына дейін (күрке тауық еті бойынша 100%-ына дейін) арттыруға болады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 2-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға арналған бюджеттік субсидияларды беруге үміткер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қойылатын өлшемшарттар мен талаптар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.12.2016 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшемшарттар мен талаптар
-------	--------------------	---------------------------

1	2	3
1.	Ірі қара малдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	<p>1. Барлық малдарда бірдейлендіру нөмірлерінің болуы және олардың АЖС-да тіркелуі .</p> <p>2. Ірі қара малдың барлық басы АТЖ-да тіркелген болуы.</p> <p>3. Импортыланған жануарлар үшін өсімін молайтуда пайдаланылатын, асыл тұқымды тұқымдық бұқаларға арналған асыл тұқымды куәліктердің және жануар Қазақстанда туылған жағдайда Ірі қара мал тұқымдары бойынша республикалық палатада тұқымдық мәртебесінің болуы.</p> <p>4. Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малды өсірумен айналысатын тауар өндірушілер үшін қосымша:</p> <p>1) зоотехникалық нормативтерге (шағылыстыру контингентінің отыз басына кемінде бір бұқа, бұқаны қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау) сәйкес етті бағыттағы бірінші және екінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды шағылыстыру кезеңі бойында өсімін молайтуға пайдалану және бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған етті бағыттағы бірінші және екінші санаттағы тұқымдық бұқаларға алмастыру;</p> <p>2) АЖС-дан үзінді-көшірмедегі ақпаратпен расталатын, өсімін молайту үшін пайдалануға жол бермеу мақсатында осы тауарлы табынның барлық тұқымсыз бұқаларын піштіру .</p> <p>5. Етті және сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара мал басын өсірумен айналысатын тауар өндірушілер үшін қосымша:</p> <p>1) мал басын тиісті тұқым бойынша Республикалық палатада тіркеу;</p> <p>2) тиісті тұқым бойынша Республикалық палатаның немесе тиісті тұқым бойынша Республикалық палата ұсынған жеке және заңды тұлғалардың консалтингтік сүйемелдеуі;</p> <p>3) етті мал шаруашылығында : бірінші санаттағы асыл тұқымды мал табыны үшін - шағылыстыру контингентін индекстік жүйе бойынша және/немесе ұрпағының сапасы бойынша бағаланған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығымен қолдан ұрықтандыруда пайдалану және/немесе өсімін молайтуда индекстік жүйе бойынша және/немесе ұрпағының сапасы және/немесе өзіндік өнімділігі бойынша бағаланған, тиісті тұқым бойынша Республикалық палата ұсынған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану; екінші санаттағы асыл тұқымды мал табыны үшін - шағылыстыру контингентін индекстік жүйе бойынша және/немесе ұрпағының сапасы бойынша бағаланған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығымен қолдан ұрықтандыруда пайдалану және/немесе индекстік жүйе бойынша және/немесе өзіндік өнімділігі бойынша бағаланған, тиісті тұқым бойынша Республикалық палата ұсынған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану;</p> <p>4) сүтті мал шаруашылығында - шағылыстыру контингентін индекстік жүйе бойынша және/немесе ұрпағының сапасы бойынша бағаланған және тиісті тұқым бойынша Республикалық палата ұсынған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығымен 100 % қолдан ұрықтандыруда пайдалану.</p>
		<p>1. Барлық малдарда бірдейлендіру нөмірлерінің болуы және олар АЖС-да тіркелген болуы .</p> <p>2. Қойдың барлық аналық басының АТЖ-да тіркелген болуы.</p> <p>3. Қойдың кемінде 300 аналық басының болуы.</p> <p>4. Тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойды өсірумен айналысатын тауар өндірушілер үшін қосымша:</p> <p>1) зоотехникалық нормативтерге (шағылыстыру контингентінің отыз басына кемінде бір қошқар, тұқымдық қошқарды қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау) сәйкес асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды шағылыстыру кезеңі бойында өсімін молайтуда пайдалану және бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды</p>

2.	Қойдың аналық басымен	<p>алмастыру немесе аналық мал басын өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың ұрығымен қолдан ұрықтандыруда пайдалану;</p> <p>2) АЖС-дан үзінді-көшірмедегі ақпаратпен расталатын, өсімін молайту үшін пайдалануға жол бермеу мақсатында осы тауарлы табынның барлық тұқымсыз б ұ қ а л а р ы н п і ш т і р у ;</p> <p>3) қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін технологиялық жабдықтың болуы немесе дистрибьютерлік орталықпен бірлесе отырып, қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу (қолдан ұрықтандыруды пайдаланған кезде).</p> <p>5. Асыл тұқымды қойларды өсірумен айналысатын тауар өндірушілер үшін қ о с ы м ш а :</p> <p>1) бейінді ғылыми ұйымның немесе шаруашылық өсіретін қой тұқымы бойынша маманданған ғалымның консалтингтік сүйемелдеуі;</p> <p>2) аналық мал басын өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың ұрығымен қолдан ұрықтандыруда пайдалану және/немесе өсімін молайтуда өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық қ о ш қ а р л а р д ы п а й д а л а н у ;</p> <p>3) қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін технологиялық жабдықтың болуы немесе дистрибьютерлік орталықпен бірлесе отырып, қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу (қолдан ұрықтандыруды пайдаланған кезде).</p> <p>4) Қазақстанда туылған жағдайда қойлардың өнімділік бағыттары бойынша республикалық палатада тұқымдық мәртебесінің болуы.</p>
